

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 167/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 маусымда № 32764 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 17 қазандығы № 207 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14426 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар "Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 7-бабына сәйкес әзірленген және байланыс желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыруши органдар жедел-іздестіру іс-шараларын (бұдан әрі – ЖП) және қарсы барлау іс-шараларын (бұдан әрі – ҚБ) жүргізу мақсатында пошта операторларына тиесілі пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы талаптарда Қазақстан Республикасының "Жедел-іздестіру қызметі туралы", "Байланыс туралы", "Қарсы барлау қызметі туралы" заңдарында және Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар қолданылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пошта операторлары пошта желісінің өндірістік объектілерінде оқшауланған болуы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 23852 болып тіркелген) бекітілген "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыштарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес келуі тиіс жеке үй-жайлар бөледі.>";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізуін апараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізуін апараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-іздестіру іс-шараларын (бұдан әрі – ЖП) және қарсы барлау іс-шараларын (бұдан әрі – ҚБІ) жүргізуін апараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

2. ЖП және ҚБІ жүргізу пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптар ескеріліп пошта желілерінде қамтамасыз етіледі.

Жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметін жүзеге асырушы органдармен пошта операторларының өзара қарым-қатынасы "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы және "Қарсы барлау қызметі туралы" Зандарымен және Заңмен реттеледі .";

2) "Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 327 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15980 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесінде:

12-тармақта мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өлшеуді орындаған кезде мыналар сақталады:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен (2022 жылғы 17 ақпанда № 26831 болып тіркелді) бекітілген адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын гигиеналық нормативтердің талаптары;

2) қолданылатын өлшеу құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда белгіленген қауіпсіздік талаптары.".

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК